



“БІЛІМ-Инновация”
Халықаралық қоғамдық қоры

География – 10 сынып

6. Географиялық аудандастыру әдістері



Оқу мақсаты:

10.1.1.5 зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады.



Сіздердің меңгеретіндеріңіз:

- Географиялық аудандастыру әдістерін қолдану;

Сіздердің білетіндеріңіз:

- Аудандастырудағы ареалдардың түрлерін және ерекшеліктерін;



Кілт сөздер

Аудандастыру

Ареал

Біртекті ареал

Торапты ареал

Жинақтамалы аудан

Таңдамалы аудан

Жетекші фактор әдісі

Беттестіру әдісі



“БІЛІМ-Инновация”
Халықаралық қоғамдық қоры

*«Аудан, аудандастыру
дегеніміз.....»*



Ең маңызды- әдістерге жатады.

Аудандастырудың ғылыми негіздері XVIII-XIX ғасырдың басында қалыптасты.

Географиялық аудандастыру - аумақты географиялық жағдайларының біртектілігі бойынша кеңістік жіктеу.

Географиялық аудандастырудың басты мақсаты - өзіндік белгілер жиынтығы бар аумақтық жүйелерді анықтап, кеңістіктегі **шегараларын белгілеу**, сипаттау.



Аудандастыру арқылы аумақтағы географиялық жағдайлары ұқсас бөліктер жүйеленіп, өзіндік әркелкіліктері бар аумақтық жүйелер айқындалады.

Аудандастыру негізінде географиялық кеңістік жіктеледі.



Географиялық кеңістік – белгілі бір аумақта орналасқан және уақытқа сәйкес дамитын географиялық нысандар арасындағы қатынастардың жиынтығы.

Ареал – (лат. *area* – алаң, кеңістік) жер бетінде қандай да бір табиғи құбылыстың (жануарлар, өсімдіктер, пайдалы қазбалар түрлері және тағы да басқалары) нысандардың ұқсас жағдайлардағы ағзалар қауымдастығының таралу аумағы.

Географиялық кеңістікті аудандастыруда зерттеу нысанына байланысты **ареалдарға** жіктеледі

Ареалдар

Біртекті ареал

- Аудандастырылатын нысан немесе құбылыс ареалдың барлық бөлігінде бірдей қасиеттерге ие және таралу жиілігі бірдей болады;
- Ареал ішіндегі байланыстар тығыз, тұрақты сипатта болады;

Торапты ареал

- Аудандастырылатын нысан немесе құбылыс арелдың орталық (ядро) бөлігінде неғұрлым айқын көрінеді, шеттеріне қарай жиілігі төмендейді;
- Шегаралары көршілес ядроның ықпал ету ареалы арасындағы өтпелі аумақтар арқылы жүргізіледі;



Біртекті аралдарды анықтауда нысандар екі түрлі тәсілмен біріктіріледі: қосу және бөлу



13-сурет. Аудандарды анықтау реті (В.Н.Холина бойынша)



Физикалық географияда табиғи жүйелерді аудандастырудың екі негізгі әдісі қолданылады:

Жетекші фактор әдісі



- Аумақтың табиғат ерекшеліктерін қалыптастыратын жетекші фактор (геологиялық немесе климаттық) айқындалады.
- Жалпы географиялық және тақырыптық карталар негізінде жетекші фактордың ықпал ету аумағы анықталады.
- Аумақтағы осы фактордың әсерінен қалыптасқан біртекті табиғат көрінісі (жер бедері немесе өсімдік жамылғысы) тән ауданның шегаралары бөліп көрсетіледі.

Беттестіру әдісі



- Тақырыптық карта бойынша бірінші жетекші фактордың ықпал ету аумағының шегаралары белгіленеді.
- Екінші тақырыптық картадан екінші жетекші фактордың ықпал ету аумағының шегаралары белгіленеді.
- Екі фактордың ықпал ету аумақтары беттескен бөлікте ауданның шегаралары ажыратылады.

14-сурет. Физикалық-географиялық аудандастыру әдістері



**Экономикалық және әлеуметтік географияда
аудандастырудың негізгі екі әдісі қолданылады:**

Сапалық талдау әдісі

Аумақтардың нақты даму мәселелері мен өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі

Сандық талдау әдісі

Аумақтар статистикалық және басқа есептеу көрсеткіштері негізінде маңызды белгілеріне қарай топтастырылады



1-тапсырма. Қазақстанның физикалық географиялық аудандастыруға қатысты картамен жұмыс.



а) Қазақстанда 9 физикалық- географиялық аудан бар. Картада берілген сандарды физикалық- географиялық аудан атауларымен сәйкестендіріңіз.

б) Карта бойынша аудандастырудың қандай тәсілдері қолданылғанына түсінік беріңіз.

Жауап	Географиялық нысандар
	Сауыр Тарбағатай
	Шығыс Еуропа жазығы
	Жоңғар (Жетісу) Алатауы
	Тұран жазығы
	Алтай-Саян
	Тянь-Шань
	Солтүстік қазақ жазығы
	Мұғалжар
	Сарыарқа



Бағалау дискрипторы:

-
- Картада берілген сандарды физикалық-географиялық аудан атауларымен сәйкестендіреді.**
 - Карта бойынша аудандастырудың қандай тәсілдері қолданылғанына түсінік береді.**
-

2-тапсырма Дүниежүзінің физикалық картасымен жұмыс.
Дүниежүзін геоморфологиялық тұрғыдан аудандастырыңыз;

Таулар			Жазықтар		
Аласа таулар	Орташа биік таулар	Биік таулар	Ойпаттар	Қыраттар	Үстірттер



- *Геоморфологиялық аудандастыруды біледі;*
- *Тауларды биіктігі бойынша аудандастырады;*
- *Жазықтарды жіктейді;*
- *Аудандастыру ареалдардың қай тобына жататынын анықтайды;*
- *Аудандастыруда қандай тәсіл қолданылатынын түсіндіреді;*



Сабақты бекіту сұрақтары:


1. Географиялық аудандастырудың басты мақсаты не?
 2. Аудандастыруда ареалдардың қандай негізгі топтары ажыратылады?
 3. Физикалық және экономикалық географияда аудандастырудың қолданылатын әдістерін ата;
-



Қорытынды

Географиялық аудандастыру – аумақты географиялық жағдайларының біртектілігі бойынша кеңістіктік жіктеу.

Ірі аумақты неғұрлым шағын аудандарға бөлу үшін тақырыптық карталар талданады.





Сілтемелер мен пайдаланған әдебиеттер

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%80%D0%B5%D0%B0%D0%BB>
2. Каймулдинова К., Әбілмажінова С. География.- Алматы: Мектеп, 2019

